



За стройкой  
 Послания



стр. 4

«Innovation»



5-бет

Ұлы Жеңіске - 67 жыл

## «ФОРМУЛА ЛЮБВИ» ВУЗОВ ДВУХ СТРАН

30 марта КарГТУ с рабочим визитом посетил Чрезвычайный и Полномочный Посол Украины в Казахстане Олег Алексеевич Демин. КарГТУ стал единственным вузом в Караганде, который вошел в насыщенную программу двухдневного визита в нашу область. Встречали делегацию ректор КарГТУ, академик НАН РК А.М. Газалиев и ректор Казахстанско-Российского университета, академик НАН РК Э.М. Мулдахметов.

Для гостя, чья профессиональная деятельность до поступления на дипломатическую службу, связана с высшей школой, была проведена подробная экскурсия по университету.

На встрече с коллективом вуза г-н Демин подчеркнул, что не многие вузы Украины могут похвастаться таким высоким уровнем материально-технического оснащения, какое есть в КарГТУ. Тем не менее, «формула любви», которая существует в КарГТУ между наукой, образованием и производством, есть и в украинских вузах, отметил Посол.

В ходе экскурсии по университету были ярко продемонстрированы примеры сотрудничества между высшей школой Казахстана и Украины: вузы двух стран обмениваются студентами и научными сотрудниками. Например, заведующая кафедрой «Менеджмент предприятия» КарГТУ Н.Б. Давлетбаева сейчас учится в украинской докторантуре. Такое партнерство в сфере подготовки кадров существует благодаря Меморандуму о сотрудничестве между Министерствами образования и науки Украины и Казахстана, которые были подписаны с участием Президентов наших стран.

Олег Демин отметил, что приоритетными для сотрудничества являются такие отрасли, как металлургия, космические исследования, комплексная разработка угольных месторождений.

Он особо остановился на проблеме производства природного газа из сопутствующих углю смесей — метана, сланцевого газа: «Иза энергетической проблемы, которая сегодня стоит перед нами, Украина вынуждена направлять собственные и заемные средства для развития добычи сланцевого газа». И в этом, по словам Посла, большой потенциал для развития, как самой страны, так и сотрудничества с казахстанскими учеными, работающими над той же проблемой: совместно разработанные технологии найдут быстрое внедрение.

В целом, Олег Алексеевич в своей речи перед коллективом вуза подчеркнул, что потенциал сотрудничества в сфере образования и науки между Украиной и Казахстаном должен быть использован в большей степени. Украинские ученые выразили свою готовность к сотрудничеству с КарГТУ.

Академик Э.М. Мулдахметов в ответном слове подчеркнул, что КарГТУ — это вуз, в котором своей главной целью ставят не выдать диплом выпускнику, а сделать его по-настоящему «хозяином своей профессии». У истоков этой работы стоит первый ректор КарГТУ, академик НАН РК А.С. Сагинов. Тут же было отмечено, что А.С. Сагинов и Н.А. Дрижд, самые выдающиеся ученые-горняки КарГТУ, являются выпускниками Днепропетровского горного института.

В завершение встречи Олегу Алексеевичу по решению ученого совета вуза было присвоено звание «Почетный профессор КарГТУ». Посол Украины в Казахстане О.А. Демин и ректор КарГТУ А.М. Газалиев подписали Меморандум о сотрудничестве.



«Для меня очень важно то, что сегодня я получил звание «Почетного профессора КарГТУ». Учитывая то, что теперь я ваш сотрудник, буду вносить свой посильный вклад», - сказал Олег Демин.

На встрече был задан вопрос о возможности приглашения в КарГТУ украинских профессоров для чтения лекций карагандинским студентам. О.А. Демин пообещал, что будет действовать решению этого вопроса через Посольство. Так этот важный вопрос решится быстрее и эффективнее.

Также из рук Посла Украины в Казахстане О.А. Демина были награждены призами студенты, занявшие три первых места в ежегодной олимпиаде, проводимой в КарГТУ Международной компанией «Eram Systems».

Завершилась встреча обменом памятных сувениров. Олег Демин вручил ректору КарГТУ композицию с уникальной росписью, которая не имеет аналогов в мире и производится в Патрикеевке, городе под Днепропетровском. Посол отметил, что многие казахстанцы ездят в туристические путешествия в Украину, и в заключение встречи он пригласил всех присутствующих посетить Украину, тем более что в этом году Чемпионат Европы по футболу будет проходить в их стране.

## В ТЕСНОЙ СВЯЗИ С ЗАКОНОТВОРЦАМИ

9 апреля Карагандинский государственный технический университет с рабочим визитом посетили депутаты Мажилиса Парламента РК Серикжан Канаев, Нурлан Аубакиров и Виктор Роголев. Встречали гостей ректор КарГТУ, академик НАН РК А.М. Газалиев, преподаватели и студенты университета.

Визит мажилисменов состоялся в рамках агитационной работы по Посланию Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. ВУЗ поразил народных избранников высокой динамикой развития и многогранной работой в области науки и высоких технологий. По словам депутата Нурлана Аубакирова, Университет имеет большие заделы в разработке и внедрении инновационных технологий для развития горно-металлургического комплекса нашей страны. Отмечая высокий уровень инновационных проектов, материально-технического оснаще-

ния и производственных объектов «Политех», мажилисмены подчеркнули, что КарГТУ является современным ВУЗом, соответствующим всем требованиям XXI века. На встрече с коллективом ВУЗа Серикжан Канаев разъяснил студентам и ППС основные положения Послания Президента народу Казахстана. Внимание слушателей было заострено на том, что наша страна является открытым пространством для информационного потока. Депутат призвал молодежь быть внимательней к призывам и лозунгам, особенно деструктивного характера. «Казахстан является одной из богатых на природные ресурсы государством. И многим не нравится стабильность в



нашей стране. Необходимо сохранить и беречь единство народа», - отметил Серикжан Зияданович. Депутаты ответили на вопросы студентов о проблемах социально-экономической модернизации страны, реализации государственных программ ФИИР и развития системы образования в Казахстане.

## С ПОСЛАНИЕМ К СТУДЕНТАМ

В КарГТУ прошла встреча студентов и преподавателей с заместителем председателя Карагандинского филиала НДП «Нур Отан» Есетом Есенгараевым, председателем немецкого центра «Видергебург» Виктором Кистом и заместителем начальника Кара-

гандинского управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог Абайдилда Санаубаровым.

Цель визита информационно-пропагандистской группы - разъяснение Послания Главы государства Н.Назарбаева. В своих выступлениях общественные деятели и представи-

тели власти останавливались на актуальных проблемах развития образования, повышения квалификации и переподготовке кадров, государственных программах.

В конечном итоге повышение человеческого капитала и качества жизни - одна из приоритетных задач в Послании Президента страны.

## ДИАЛОГ МЕЖДУ СЕЛОМ И ГОРОДОМ

КарГТУ продолжает профориентационную работу среди выпускников сельских школ и школ районных центров Карагандинской области.

Мобильная группа во главе с ректором КарГТУ А. М. Газалиевым в составе директоров, заведующих кафедрами и творческой молодежи ВУЗа, посетили поселок Агадырь, с профориентационной работой. Встреча гостей с местными жителями и учащимися средних школ прошла в теплой и дружественной обстановке.

Около трехсот учащихся с учителями и родителями живо интересовались предстоящей приемной кампаней. В своих выступлениях ППС

говорили о том, что качественное формирование студенческого контингента для КарГТУ является одной из стратегически важных задач. О будущем нужно задумываться уже сегодня! Экономике Казахстана необходимы профессионалы технического профиля. И тех, кто сейчас выберет верный путь, ждет стопроцентное трудоустройство и максимум возможностей получить государственный образовательный грант.

Официальную часть встречи продолжили творческие коллективы университета.

Под занавес встречи аким Шетского района и ректор университета обменялись памятными подарками.



# 12 АПРЕЛЯ - ДЕНЬ РАБОТНИКОВ НАУКИ

В Евразийском национальном университете им. Л. Гумилева состоялось торжественное собрание, посвященное Дню работников науки.

На торжественное мероприятие были приглашены более 600 гостей, среди них депутаты Парламента РК, члены Национальной академии наук РК, руководители и ученые научно - исследовательских институтов, научных организаций и высших учебных заведений.

В рамках мероприятия состоялась выставка научных достижений 20 научных лабораторий нашей страны. Лаборатория инженерного профиля КарГТУ с экспериментальной мельницей ЭМГА – 1 так же была представлена на выставке. Многопрофильную мельницу, предназначенную для переработки техногенных отходов с целью извлечения

из них цветных отходов и редких металлов, и...для помола муки. Полученная мука уникальна своей полезностью - за счет безотходного помола зерна. После выставки состоялась церемония торжественного подписания меморандума с ведущим научным издательством Elsevier (Нидерланды), которое будет способствовать увеличению числа казахстанских публикаций за рубежом и повышению уровня исследований в целом. Как отметил Министр науки и образования РК Б.Т. Жумагулов, сегодня в Казахстане обеспечены все необходимые законодательные, организационные и материально-технические факторы успешного развития научной отрасли и обеспечения конкурентоспособности Казахстана в условиях мирового научно-технического прогресса.

## УЧЕНЫЕ КАРГТУ - ЧЛЕНЫ АКАДЕМИИ ГОРНЫХ НАУК РФ

Медали имени академика А. М. Терпигорова были вручены ученым КарГТУ. По решению Президиум Академии горных наук Российской Федерации, премия и медаль имени академика А.М.Терпигорова была присуждена светилам технических наук России и Казахстана. Среди казахстанских ученых – профессор КарГТУ, доктор технических наук Виктор Николаевич Долгонос и заведующий кафедрой МД и Г КарГТУ Низаметдинов Фарит Камалович. Награды вручил Алиев С.Б. - профессор Российского Университета Дружбы Народов (г.Москва), в КарГТУ.

Высокая оценка труда наших ученых дана за разрабо-

танную методику, которая позволяет определить значения первичного и последующих шагов обрушения на участке отработанной лавы. Грамотные и продуманные технические решения, связанные с выбором системы разработки и порядка отработки пластов позволяют управлять геомеханическими процессами и газодинамической ситуацией на шахтах в течение всего периода эксплуатации, обеспечивая при этом безопасные условия труда. За научную деятельность Ф.К. Низаметдинов, Б.М. Кенжин и Ю. М. Смирнов, по решению президиума, были избраны иностранными членами Академии горных наук Российской Федерации.

## НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН? интеллектуалдық ойын елі де жалғасын табада..

Сәуір айының 13-жұлдызында ҚарМТУ Бас ғимаратының 401 дәріс беретін аудиториясында ҚарМТУ Ректорының Кубоғына «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық ойыны өгілді. Ұйымдастырушылар – ҚарМТУ «Жас Орда» студенттер мен магистранттар кәсіподағының негізіндегі ҚарМТУ «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық клубы.

Бұл интеллектуалдық ойынға жеті институттан құрылған командалар катысты.

Қазылар алқасының мүшелігінде Қарағанды облысының «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық клубының төрағасы, «Парадокс» командасының білгірі Литвина Алексей Арвидович, «Парадокс» командасының білгірі Кропотова Анна, «Как Рас» командасының білгірі Ильин Роман.

Ойын қойылған шарттар бойынша қырық сұрақтан тұратын екі турдан өтілді. I-II тур нәтижелері бойынша 1 орын – «Царь» командасы (сәулет және құрылыс институты) I дәрежелі диплом мен кубокпен, II орын – «Горняк» командасы (тау-кен институты) II дәрежелі дипломымен, III орын – «Red bulls» (энергетика, байланыс

және автоматизация институты) III дәрежелі дипломмен марапатталды. Ең үздік ойыншы болып «Red bulls» командасының ойыншысы Сабырбай Алтай атанды.

Сайып келгенде, «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық ойынның өтілуіне тіреу болған «Жас Орда» студенттер мен магистранттар кәсіподағына, ұйымдастыру комитетіне алғысымызды білдіреміз. Ойынға қатысып, белсенділік танытқан барлық команданың ойыншыларына

ризашылығымызды білдіре отырып, олардың алдағы өтілетін көптеген іс-шараларға катысып, белсенділік танытып, университетіміздің абыройын, данқын, мәртебесін көтеретіндей дәрежеде болады деген сенімдеміз. Ал I орынды жеңіп алған «Царь» командасын жеңісімен тағы да құттықтап, оларға алдағы уақытта болатын іс-шараларда тек жеңіс тілейміз.

**АЛТЫНАЙ ЖУМАБЕКОВА**  
ҚарМТУ БАҚ тілшісі



# АҒЫЛШЫН ТІЛІН БІЛУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Сәуір айының 10-жұлдызында ҚарМТУ Бас ғимаратында 1-2 курс студенттері арасында «Innovation» интеллектуалдық ойыны өткізілді. ҚарМТУ «Жас Орда» студенттер мен магистранттар кәсіподақ ұйымының халықаралық студенттік бөлімінің ұйымдастыруымен өтілген бұл ойынның пегізгі мақсаттары - 1-2 курс студенттерінің логикалық, саяси, индустриалды-инновациялық сана-сезімді қалыптастыру және дамыту, халықаралық айырбас қызметін дамыту, ағылшын тілін кемелдендіру. Сонымен қатар, студенттердің әртүрлі жағдайлар мен талаптарда жанашыл идеялар және ұсыныстарын білу, университетте жастар арасында ағылшын тілді ортаны қалыптастыру, көшбасшылық қасиеттерін арттыру міндет болып табылды.

Ойынға сегіз институттан жиналған 12 студент белсенді қатысты, оларды 4 командаға біріктіру арқылы келесі институттар құрама командаларын құрды:

1 команда — компьютерлік техно-

логиялар мен жүйелер мен экономика институттары, 2 команда — энергетика, байланыс және автоматизация мен машинажасау институттары, 3 команда — әскери-техникалық пен сәулет және құрылыс институттары, 4 команда - жол-көлік пен тау-кен институттары.

Әр команда 3 турдан тұратын ойынға қызығушылық танытып, бәсекелесе ойнады. Ойын келесі турлар бойынша жүргізілді:

1-тур - «Ideas for life». Мұнда қатысушылар жеребе салу арқылы жұмыс аймағын таңдады (мысалы: космонавтика, медицина, білім беру, индустрия, экология), одан кейін олар өздерінің ойлап шығарғандарын «Бұл не?, Өзектілі ме?, Қанша тұрады?, Жасалу уақыты мен қалай жұмыс жасайды?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы таныстырды.

2-тур «If I were ...». Жеребе салу арқылы қатысушылар If I were..., яғни Егер де мен... сөйлемін жалғастыратын сөз таңдау арқылы аяқтаулары қажет (президент, бизнесмен, спортшы, мұғалім, зерттеуші). Соның арқасында

студенттер өзіндік тамаша мемлекет, одақ, фирма, өзінің айналысу қызметі жайлы әңгімелеуі керек.

3-тур «Blitz». Блиц — үш сұрақ, бір сұрақтың ішінде: мұнда әрбір сұраққа ойлануға жиырма секундтан беріледі, үш сұраққа толық жауап берген жағдайда ғана қабылданады. Бұл сұрақтар тақырыпқа сай келетін және онша қиыпдық тудырмайтын болды.

Ойын кезінде халықаралық студенттік бөлімінің партнеры Утенова Данара Сериковна «Study Inn» тілдер мектебі туралы қызықты презентация өткізді, сол арқылы отырған жанкүйерлерді күштепдіді. Ойын қорытындысы бойынша үздік команда болып №1 компьютерлік технологиялар мен жүйелер және экономика институттар құрама командасы атанды. Кезекті II орынды №2 - энергетика, байланыс және автоматизация мен машинажасау институттар құрама командасы иеленсе, III орын №3 - әскери-техникалық және сәулет және құрылыс институттар құрама командасына берілді. Сонымен қатар, номинациялар бойынша, атап өтсек, «Ең үздік ағылшынша сөйлеу» номинациясына Маш-11-4 топ студенті Георгадзе Лука, ТТ-11-3 топ студенті Карашова Мадина ие болды. Ойыншылар демалуік еткен «КиноPLEXX» кинотеатрының бағалы сыйлықтарымен марапатталып, «Жас Ордадан» ақшалай сыйлықтарға ие болды.

**АЛТЫНАЙ  
ЖУМАБЕКОВА**  
ҚарМТУ  
Студ.БАҚ тілшісі



## ВНУТРИВУЗОВСКАЯ ВИКТОРИНА

Карагандинским государственным техническим университетом (кафедра ИС) совместно с ТОО «ПЛЮС-МИКРО» Центр компетенции EPAM Systems в Казахстане, была проведена внутривузовская викторина среди студентов и магистрантов по информационным технологиям EPAM Systems – 2012.

Целью проведения викторины является привлечение молодых талантов в перспективную отрасль информационных технологий, предоставление им возможности продемонстрировать свое мастерство в области программирования. В конкурсе приняло участие 50 студентов вуза. Викторина состояла из одного очного тура, на решение задач отводилось четыре часа. Было предложено семь задач по программированию различной степени сложности и 20 вопросов в области IT-технологий. При оценке задач члены жюри учитывали эффективность составленного алгоритма, интерфейс пользователя и оригинальность решения. Спонсорскую поддержку мероприятию оказало ТОО «ПЛЮСМИКРО» Центр компетенции EPAM Systems в Республике Казахстан.

В качестве призов спонсоры викторины вручили победителям за первое место ноутбук, за второе место — электронную книгу, а за третье место флеш - карту. Студентам, занявшие последние три места были вручены сертификаты для прохождения курсов фирмы EPAM.

Призерами викторины стали студенты ИКТС:

- I место - Станкевич Ф.В. (гр. СИБ-08-2)
- II место - Ключников А.С. (КарГУ),
- III место - Шарипов М.К. (гр. ВТ-09-3),
- IV место - Котов А.О. (гр. ВТ-10-2),
- V место - Петров П.А. (гр. ВТ-10-2),
- VI место - Лыткин И.А. (гр. ИС-08-2)
- VII место - Аниськина А.Н. (гр. ИС-08-2)

Идея и уровень проведения мероприятия вселяют оптимизм по поводу его будущего. Радует то факт, что есть среди наших студентов те, которые станут в будущем отличными специалистами в области высоких технологий.

**Ю.Шакирова**  
ст.преподаватель кафедры ИС



# ҰРПАҚҚА ҰААҒАТ БОЛҒАН ҰЛЫ ЖЕҢІС

## (Қарағанды облысының Ұлы Отан соғысы кезіндегі релі)

Жеңіс - ұшқалақ мінезбен қабылдай салатын ұғым емес. Астарына үділіп қарапыз. Осы бір ғана сөз үшін талай боздақтың төгілді қаны, талай жанның тапталды ары, сан әйелдің опат болды жары, өмірдің артты мәні, соғысқа арналды сол заманның әні, қыршыннан қиылды жаны, ақыры... Жеңістің атты нұрлы таңы. Аналарды аңыратқан, жас баланы жамыратқан, қарашаңырақты қаңыратқан соғыс бұл. Қорлық көріп фашист-жаттан, ерлер салған ұран — «Аттан», айырылмау үшін бастағы бақтан, қар төсенін, мұз жастанып, бір сүйем жер үшін соғысып, әр төбе үшін алысып, жауды жеңуге жарысып, жанын аямай, елді аялай, серттен таймай, сырын жатқа жаймай батырлар өткен өмірден.

Сөзімізді Сырбай ақынның жырымен жалғайық: «Көрдің бе ұлын ананың?», «Көрдің бе жарын арудың?», «Көрдің бе



оның көкесін?», «Соғыстан қайтқан солдаттар!». Қанға құмар, соғысқа жерік болған фашисттік Германиямен соғысқа Алаш атырабынан 1 миллион 700 мың қазақстандық аттаныпты. Сол кездегі халық

санына шаққанда бұл — әрбір төртінші адам майдан даласында мылтық асынған деген сөз. Соғысқа аттанған азаматтардың жартысына жуығы ұрыс даласында қалды. Елге оралмады. Елге оралғандардың өзі қол-аяғын беріп келді. Туған топыраққа бір мүшесінен айырылып оралған батыр ұлды Әбу Сәрсенбаев былай суреттейді: «Сен құрметте оны! Түсіндің бе, қарағым? Сенің келешегің үшін берді ол, Азаттық жолында аяғын!». Зұлматтың зіл-батпан жүгін, оның жүйкеге түсірген салмағын, қан жүтқызған қасіретін, көл боп аққан көз жасын, аяқ-қолы тілім-тілім болған тылдағы адамдардың еңбегін айтып



тауысу, жазып біту мүмкін емес. Әрі-беріден соң оны бүгінгі бейбіт заманда туған ұрпаққа сезінудің өзі қиын. Өйткені олар қырғынды көзбен көрген жоқ. Жан жүрегімен сезінбеді. Сондықтан болса керек, Ұлы Отан соғысына қатысты әртүрлі пікірдің айтылып жатқаны. Әгәраки, аталар аманатын толық түсінген адам болса, онда «бұл біздің Отанымыз үшін болған соғыс емес» деген сөз айтылмас еді. Көлеңкесіне ғана серік болатын кейбіреулер көкі берер. Оған бола сөз шығындап қажеті жоқ.

Қазақтың жерін, елін, халқын қорғайтын ұландар, ел тыныштығын кірпік ілмей күзететін азаматтар, біздің ұйқымызды ыңтығын сақтайтын сарбаздар қазақ батырларының атындағы оқу орнын тәмамдаса деген тәтті тілек бар. Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

1941-1945 жылдар аралығында болған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні мен қазіргі күндерден бізді 67 жыл бөлін отыр. Міне, осы Ұлы Жеңіске кол жеткізуге Қазақстанның Орталық өңірінің халқы ерен еңбек етін, бар күшін салғаны бәрімізге мәлім.

Қарағанды облысы бұл сұрапыл соғыс майданына 45 мың адамды аттандырды. Біздің жерлестеріміз Мәскеу, Ленинград пен Сталинград қалаларын қорғап, Курсктегі ұрысқа қатысып, Украина, Молдавия, Румыния, Венгрияны жау қолынан босатып алған.

72-ші Красноградтық Қызыл Ту атқыштар гвардиясы дивизиясы (29 атқыштар дивизиясы болып құрылған), 310-шы Новгородтық Ленин орденінің Қызыл Ту атқыштар дивизиясы (құрамында 1080, 1082, 1084-ші атқыштар және 860-шы артиллериялық полктері бар) Орталық Қазақстанда құрылған болатын-ды.

Қазақстанның 500-ге жуық солдатты мен офицері, соның ішінде 98 қазақ жауынгері «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған. Жауынгерлердің ортасында 32 қарағандылық бар. Олар: Бреусов В.Е., Гаврилов И.С., Токмаков Е.П., Әбдіров Н., Мамыраев М., Маринич И.И., Мороз А.И., Нұржанов Қ.Б., Сидорков С.М., Сыртланов М., Теряев П.И., Ульянов Ф.И., Колбасов Н.И., Дәулетбеков А., Живов А.П., Зенковский А.И., Асфандьяров З.Л., Григорьев Н.М., Қамалдинов Ф.Г. және тағы да басқалары да бар. Тоғыз адам орденнің

толық кавалерлері болып табылады. Олар: Байзақов Б., Сүлейменов М., Үншібаев Ж.Т., Белов Ф.А., Калмыков Н.П., Қарабанов И.А., Курьятов В.К., Покатилов Н.И., Спицын В.П.

Бізді жеңіске жеткізген бұл батырларға барша жұрт алғысын айтып, мақтаныш етеді, Ұлы Отан соғысының қаһармандары жайлы өлең шығарып, есімдерін елге танытып жатыр. Олардың ортасында ұшқыштар мен байланысшылар, барлаушылар мен пулеметшілер, қару бөлімі мен әуеэскадрилия, атқыштар батальондарының



командирлері де бар.

Майдан шебинде, ұрыста қаһармандықпен батырлық көрсеткен жауынгерлермен қоса тылда да көптеген адам еңбек етін, өз тарапынан бырсыпыра көмегін тигізді. Дәл сол кезде елдің жұмысшылары «**БАРЛЫҒЫ МАЙДАН ҮШІН, БАРЛЫҒЫ ЖЕҢІС ҮШІН!**» деген ұранмен жұмыс істеді.

Соғыс уақытында Қарағанды қаласы көмір өндірудің нағыз алып орталығына айналды. Донбасстан Қарағандыға 10 мыңнан астам кәсіпқой дарынды мамандар мен жұмысшылар эвакуацияланып көшірілді. Тап осы соғыстың ауыр кезеңінде кадрлық жұмыскерлер, ғылыми және басшылық кадрлар да көмір кенішінің жұмыс істеуіне көп ықпалын тигізді. Соның ішінде, №31 шахтаның басшысы болып стахановшылар қозғалысының негізін салушы А.Стаханов тағайындалды.

Соғыс жылдарында Қарағанды облысы бүкілодақтық ауыр өнеркәсіп өнімінің төрттен бірін өндірген аса ірі экономикалық ауданға айналды. Міне, дәл осы уақыттарда Қарағандыда Пархоменко атындағы машина жасау зауыты, Қазақ металлургиялық зауыты, Қарағанды электр станциясы ҚарГРЭС-сы салынды, 1940 жылмен салыстырғанда 1945 жылға дейін көмір шахтасының саны 20-дан 38-ге жетті.

Қарағанды мемлекетті тек көмірмен ғана емес, сонымен бірге мыс, вольфрам және молибденмен қамтамасыз етіп отырды.

(Жалғасы келесі нөмірде)

# ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰРПАҚТАР



Алтын ұян – Отан қымбат,  
Құт берекең – атаң қымбат.  
Аймалайтын анаң қымбат,  
Мейірімді апан қымбат,  
Асқар тауың – әкең қымбат.  
Туып – өскен елің қымбат,  
Кіндік кескен жерің қымбат.  
Ұят пен ар қымбат.  
Озің сүйген жар қымбат.

Ұлы қайраткер Қаз дауысты Қазыбек бидің сан қырлы аса ірі қайраткерлік болмысынан оның педагогика саласындағы қозқарас-дүниетанымын бөлін алып қарауға болмайды. Адамзат тарихында оқыту мен тәрбиелеудің озекті мәселесімен айналысқан ғалым, ағартушы, педагогтар көп болған. Атап айтсақ, көне дәуірден бастап, біздің уақытымызға дейін Платон, Аристотель, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари сынды тұлғалардың есімдері әлі де аталып келеді.

Қаз дауысты Қазыбек би тәрбиенің салалары жөніндегі ойларында жастарды жан-жақты жетілдіру үшін ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене шынықтыру тәрбиелерінің тығыз байланыста, тұтастықта болуын талап етті. Олар тәрбиенің әр салалары арқылы қалыптасатын қоғам қайраткерлері үшін ақыл-ой тәрбиесінің ерекше маңызын қорсетті. Осы тәрбие арқылы, тәрбиені қамтитын жалпы білім арқылы жастардың өз айналасын қоршаған дүние жөнінен дұрыс көзқарастарын қалыптастыруды негіздеді.

Осы негізде Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің әскери-техникалық институтында Қаз дауысты Қазыбек бидің туганына 345 жыл толуына орай «Қазақ мемлекетін құрудағы Қазыбек бидің ролі» атты бейне фильм толығымен көрініс тауып, әрбір топтың тәрбие сағаттарында талқыланды. Студенттер Қаз дауысты Қазыбек бидің аталы сөздерін тыңдап, тарихи қырларын жан-жақты білді, қазақ халқының данагөй ақсақалдарының асыл сөздерінен сусындап, нәр алды. Кураторлық сағатта Қазыбек бидің дана сөздерін талқылап, сөз етті. ПО-11-1 тобының студенті Аязбай Аида өз баяндамасында «Досымызды сақтай білген елміз, дәм – тұзын ақтай білген елміз», - деген ұлы бабамыздың қанатты сөздерін жатқа айтып, отырған студенттерді өз өнерімен тәнті етті. Сонымен қоса студенттер Қазыбек би туралы өз оқығандарын ортаға салып, әрбір дана сөздері қазіргі заман талабына сай мазмұнға ие екенін айта келе,

тарих пен саясат, өнер мен әдебиет, заң ғылымы мен философия саласындағы бабамыздың ролі туралы сөз қозғап, аталы сөздерінен мысалдар келтіріп, кураторлық сағаттың мазмұнын тереңдете түсті.

Адамгершілік тәрбиесінің негізгі мәні - адамның адамгершілік қадірі мен абыройына, жоғары міндетіне табанды сенім, отаны мен халқына адал қызмет ету, шындық пен ақиқатты сүйе білу, әділетсіздік атаулыға терең жиіркеніштілік сезім, онымен күресу деп дәлелдеді. Адамгершіліктің осындай мәніне сәйкес Қаз дауысты Қазыбек бидің ең алдымен патриотизм, гуманизм, еңбекке сүйіспеншілік, сөзді іспен байланыстыру қасиеттері мен сапаларына сай тәрбиелеуді көздеді. Олар шынайы, таза адамгершілік адамның өз отанына жалынды сүйіспеншілікте болуын талап етеді деп есептеді. Нағыз тәрбиелі адам, Қазыбек бидің пікірінше: «Ең алдымен өз елінің ұлы, соның мүдделері мен мұқтаждарын жүрегінде сақтай білетін, соның адамгершілік жағынан дамуына септігін тигізетін өз отанының азаматы болуға тиіс». Бұл үшін олар жасөспірімдерді белсенді, әсерлі патриотизм рухында, ескілікпен келіспей қарсы тұру рухында, отанының дамып ілгерілеуіне барынша еңбек ету рухында тәрбиелеуді көрсетті.

Қаз дауысты Қазыбек бидің шығармалар жинағына тәрбиелік жағынан жалпы ақыл-ой даму деңгейіне байланысты бірнеше еңбектері енгізілген.

Жеке адамның мәдени құндылықтарды игеру үрдісіндегі тәрбиелік функциялардың жоғары дәрежесі дамуға ұласатындығын тұжырымдады.

Ұлы тұлғаның еңбегінде халық педагогикасы - тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. Ең негізгі мәселе - бұларды бүгінгі күннің талап-тілегімен байланыстыра отырып пайдалана білу болмақ.

Ғылыми тұжырым ретінде айтар болсақ, біз жоғарыда талдау жасаған аса танымал педагогтардың көптеген қырлары қазақтың Ұлы Биі – Қаз дауысты Қазыбектің болмысынан орын алғанын байқаймыз.

Сан қырлы талант, дарындылық арқасында Қаз дауысты Қазбек бидің нәзік педагог, білімпаз педагог, тәлімгер, ірі саясаткер, елші, философ, тарихшы т.б. қасиеттерінің арқасында «Ұлт Ұстазы» деген биік мәртебеге ие болды. Оның ұлы еңбегінің өміршеңдігі де осында жатыр.

**Ж.Е. Алшынбаева,**

**Әскери-техникалық институтының  
тәрбие ісі жөніндегі директор орынбаеары**

## С ЛЮБОВЬЮ К ДЕТЯМ

11 апреля активисты РСД «Альянс студентов Казахстана» и молодежного крыла «Жас Отан» Карагандинского государственного технического университета навестили воспитанников детского дома «Құлыншак». Весь день студенты занимали детей играми, тренингами и различными конкурсами.

- Мы намерены и дальше дружить с детским домом

«Құлыншак». В будущем хотим прикрепить детский дом за благотворительным фондом «Қамқор» при РСД «Альянс студентов Казахстана», - делются планами Ернат Абеуов и Асылхан Акебаев - активисты молодежного крыла «Жас Отан» КарГТУ.

**Шинар Есентаева**

**корреспондент СтудСМИ КарГТУ**

№5 (1511) 24 апреля 2012 года



# BAUYRSAK PARTY

Таяуда Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Политехник» кафедрінде «Жас Орда» студенттер мен магистранттар Кәсінодағының ұйымдастыруымен «Bauysak party» кеші өткізілді. Негізінен бұл шара екі күнге созылды. Бірінші күні өткізілген тағамдарды жасау сайыстарымен байланысты кешке Тау-кен институтының Кәсінодағы жауапты болса, екінші күні өткізілген Ұлттық ойындар жарысына Жол-көлік институтының Кәсінодағы жауапты болды.

Ал алғашқы күні болған «Bauysak party» сайысына университетіміздің әр институтынан жеті баладан құралған командалар қатысты. Қазақта әр аңыз-ертегіде батырларымыз ерлік жасаумен бірге, Ару қыздың жүрегін жаулап алушы еді. Міне, сайыстың алғашқы күнінде сегіз қырлы, бір сырлы жігіттеріміз өз амал-тәсілдерін қолдана отырып, Тау-кен Хандығы Ханшайымының жүрегіне жол салуы керек болатын. Ал командалар негізінен дәмді де сүйкімді формалы бауырсақтарды берілген уақытта дайындаумен қатар, өз концерттік бағдарламаларын көптің назарына ұсынды.

Әр ауыл қазақтың салт-дәстүрін қойылым ретінде көрсетті, тіпті Аруымызды алып қашқысы келген азамат-

тарымыз болды, алайда олардың ол амалдары іске аспады. Әр институттан құда түсуге келген Хандықтарды Исабаев Алмаз өз сайыстары арқылы сынап отырса, ал Сұлу Ханшайым өзіне ұнаған жігіттерге өзі дайындаған дәмді бауырсақтарын ұсынып отырды. Сонымен қоса, құда түсін келген Хандықтар осындай мейрам күнінде Ханшайымға әкелген сыйлықтарын ұсынып, өз елдерінің ерекшеліктерін атап көрсетті.

Аталған шараға алыс-алыс елдерден қонақтарымыз да келін жетіпті, өзбек, орыс, татар ұлттарының өкілдері кешіміздің сәнін келтірін, сахнаны да өз билері мен дайындаған тағамдарымен жандыра түсті.

Біздің ертегіміздің қызығы мұнымен біткен жоқ. Бәрімізге мәлім, тек сүйген жарымен ғана Ханшайым өзінің нағыз келбетіне ие болады. Тек ойынның ба-сында біз ол жайлы қатысушыларға айтпаған болатынбыз. Ханшайым өз сүйген жарын таңдап, бүкіл Хандығымызға бақыт әкелді. Сонымен Аруымыз Энергетика және Жылукоммуникациясы Хандығына ұзатылды. Ал хан мен көрерменге Сәулет және Құрылыс институты мен Экономика институттарының дайындықтары көңілінен шықты. Міне, осылай алғашқы күнгі ертегіміз өз жалғасын тауып, бәрі бақытты ғұмыр кешті.

Ал екінші күні Спорт кешенінде Жол-көлік Хандығымен Ұлттық-спорттық ойындардан жарыс өткізілді.

Мұнда әр институттан он адамнан құралған командалар қатысты. Қатысушыларды әртүрлі қызықты ойындар арқылы сынап, тек алға су-

ырылып шыққан серілеріміз ғана «Женімпаз» деген атаққа ие болды. Онда аударыспақ, арқан тартыс, қол күресі, асық ату, қыз қуу, кір тасын көтеру сынды ойындар арқылы сайысты.

Бұл ойындарды өткізудің негізгі мақсаты: жастардың бойындағы елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру мен қазақтың ежелден бері келе жатқан салт-дәстүрлерін насихаттау, студенттерді бірігіп команда болып жұмыс істеуге шақыру.



Ұйымдастырушылардың бұл ойы іске асты. Ұлттық спорттық ойындарымыз бүгінгі тапқа да үлкен сұранысқа ие екен. Ал командалар мұны өздерінің керемет ойындарымен дәлелдеді. Аударыспақ және арқан тартыс ойындары бойынша Жол көлік институты І орынды иеленсе, Сәулет және құрылыс институты арқан тартысы мен асық ату ойындары бойынша ІІ орынды және қыз қуу ойыны бойынша І орынға ие болды. Ал аударыспақ ойынынан ІІІ орынды Әскери-техникалық институты иеленді.

Ал жалпы командалық есеп бойынша, І жұлделі орынды Жол-көлік институты алса, ІІ орынды Сәулет және құрылыс институты алды, ал ІІІ орынды Машина жасау институты иеленді.

Гүлжазира Базарқұлова,  
ҚарМТУ студенті



## Дені саудың — жаны сау!

Адам үшін денсаулықтап артық бағалы зат жоқ. Ал бүгінгі күнде жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттайтын көптеген шаралар өткізіліп жатыр. Міне, осындай шаралардың бірі ҚарМТУ бас ғимаратына карама-қарсы алаңда «Жас Орда» студенттер мен магистранттар кәсінодағының ұйымдастырылуымен спорттық би жаттығулары ретінде өткізілді. Студенттеріміз көктемнің шұғылалы күндерінің бірінде бір сергін

алды. Қолда барын қадірлей білетін жастарымыз өз ойларын сөзбен емес, іспен дәлелдемек болды.

Адам денсаулығының мән-маңызына казак халқы ежелден көп көңіл бөлген. Күнделікті өмірде денені күтіп ұстауға, тазалық сақтауға, дұрыс тамақтануға да өте қатты мән берген. Қазақ халқының «Бірінші байлық — денсаулық», «Дені саудың — жаны сау», «Жаны саудың — тәні сау» деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде



терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ. Ал ауру-сырқаудап сау дене дұрыс рухтың жемісі болып табылады.

Базарқұлова Гүлжазира  
ҚарМТУ студенті

# ДҮЙІМ ЖҮРТТЫ СҮЙСІНДІРГЕН ФҮТБОЛ БІЗДЕ ҚАЛАЙ ЕКЕН?!

Жуырда Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде «Жас Орда» студенттер мен магистранттар ұйымы мен ҚарМТУ спорттық клубының ұйымдастыруымен белсенді студенттеріміздің арасында ҚарМТУ Спорт кешенінде «Жас Орда Кубогы» атты шағын Футбол ойыны өткізілді. Аталған шараның мақсаты: студенттердің арасында салауатты өмір салтын насихаттау, студенттеріміздің бірлікте ынтымақтасып жұмыс істеуіне ықпал жасау, белсенділеріміздің арасындағы ерекше спортқа қабілеті бар адамдарды анықтау.

Ағашында университетіміздің сегіз институттарының белсенділері өзара тайталасқан болатын. Әр институттан футбол ойынына тек қоғамдық жұмыспен айналысатын, белсенді студенттер шақырылған болатын. Әр командада он адам болды. Қазақстанда танымал «Шахтер», «Қайрат», «Динамо» сынды командалардың ойындарынан кем

түспейтіндей, ойын өте қызықты өтті. Біздің де университетімізде Т.Сегізбаев, Қ.Ордабаев, С.Байшақов сынды футболды жақсы меңгерген студенттеріміз жетін артылуда. Соның ішінде, жалпы турнир бойынша ең үздік қақпашы атағына Компьютерлік технологиялар мен жүйелер институтының студенті Абашкин Антон ие болса, ал ең үздік ойыншы болып Экономика институтының студенті Аманжол Ақжол танылды. Ал ақтық мәреге тек футболды шебер ойнайтын командалар ғана жетті. Ойын өте қызықты, әрі қызу болды. Себебі, студенттерімізге демеу болу үшін алғашқы ойынды «Ақсақалдарымыз» бен экономика институты бастаған болатын. «Ақсақалдарымыз» деп отырғанымыз ҚарМТУ «Жас Орда» студенттер мен магистранттар кәсінодағының құрылған күнінен бастап ерінбей еңбек етін, бүгінгі күнде университетімізде біршама жұмыстар атқарып жатқан студенттеріміз. Алайда, олар финалға дейін жетпеді. Ал финалда

Экономика, Компьютерлік технологиялар мен жүйелер, Жол-көлік институттары бақ сынасты. Ал бас жүлдені Компьютерлік технологиялар мен жүйелер институты жеңіп алды. Ал екінші орынды Жол-көлік институты қанағат тұтса, ал үшінші орынды Экономика институты қанжығасына байлады. Ойынға қызығушылық танытқан жанкүйерлеріміз де аз емес. Тіпті, барлық ойын барысын бақылап, өз командаларына қолдау көрсетуге келген жандардың өз ұрандары да болды. Солардың ішінде: «Горный алға! Мы болеем за тебя!!!», «Горный вперед! Нас победа ждет!!!».

Елімізде бұл спорттың түрі енді дамып келеді. Ал бүгінгі жас ұрпақ ертеңімізді қалайды емес пе?! Футбол ойнайтын адамдар басқа да спорт түрлерімен жеңіл айналыса алатын, денесі шыныққан болуы керек. Ал Қажымұқан, Балуан Шолақ сынды атақты палуандар шыққан қазақтың киелі жерінен әлі де болса мықты азаматтардың шығатынына сенемін.

Базарқұлова Гүлжазира,  
ҚарМТУ студенті

## СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ...

2012 жылдың 9-16 наурыз аралығында ҚарМТУ құрамасы Петропавл қаласында пауэрлифтинг спорт түрінен өтілген Қазақстан Республикасының IV Қысқы Универсиадаcына қатысын, жеңіспен оралды.

Аталмыш спорт түрінен Петропавлда барған ТТМ-11 топ магистранты А.Панкрасhev пен ФИТ-08-2 топ студенті Е.Селюкова I орын, Марк-10-2 топ студенті Р.Баранников II орын, ВТ-09-2 топ студенті О.Верецагин, МФ-10-2 топ студенті Н.Маненов, МФ-10-2 топ студенті М.Какен, ГМ-08-2 топ студенті Р.Шарипов III орынды жеңіп алды.

Кейінні наурыз айының 27-31 жұлдызында Талдықорған қаласында пауэрлифтинг спорт түрінен Қазақстан

Республикасының чемпионатында біздің университет атынан барып келген Панкрасhev Алексей чемпион атанып келді. Алексейді спорт әлемінде үлкен табыстарға жетті десек те, қателеспейміз. Пауэрлифтингтен Қазақстан Чемпионы, Қазақстан рекордсмені, 372,5 кг салмақты штанганы түзесін бұғу арқылы көтеруден, 230 кг салмақта, 320 кг салмақты болу күшінен I орынға ие болды. Бұл – Халықаралық кластың спорт Шеберінің нормативі.

Ал спортшыларымызды ауыр атлетикадан СССР спорт шебері, пауэрлифтингтан халықаралық кластың спорт Шебері, Азияның үш мәрте (трехкратный) чемпионы, пауэрлифтинг спорт түрінен VIII Әлем чемпионатының қатысушысы, Қазақстан спорт және физикалық мәдениетінің

### ВНИМАНИЕ!!!

В спорткомплексе КарГТУ открывается Клуб Любителей Бега. Клуб будет работать каждое воскресенье. Приглашаем всех на совместную пробежку с 11.00 часов.

құрметті қайраткері, пауэрлифтинг спорт түрінен Қазақстанның Мемлекеттік жаттықтырушысы Кужахметов Серік дайындайды.

Серік ағамыздың айтуы бойынша, алда әлі де аспаған белестер мен көтерімеген шыңдар бар. Алдағы уақытта Үндістанда Азия чемпионаты (01.05.2012-09.05.2012) және Польшада Әлем чемпионаты (03.09.2012-10.09.2012) бар. Спортшымыз дайындалу үстінде.

Ендеше, әлемдік пауэрлифтинг спорт түрінен олжа салып жүрген спортшымызға ЖЕҢІС қана тілей отырып, университетіміздің намысын жерге тастамай, даңқын шығаратын, еліміздің туын биік шыңдарда желбірететініне кәміл сенеміз.

АЛТЫНАЙ ЖУМАБЕКОВА,  
ҚарМТУ Студ. БАҚ тілшісі



«За политехнические знания»

№ 5 (1511) 24 апреля (сәуір) 2012 года

Газета Карагандинского государственного технического университета

Выходит 1 раз в месяц

Меніік несі: РМҚК ҚарМТУ

БАҚ есепке қою туралы куәлігі Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде № 4253-Г 08.10.2003 ж. берілген.

Редакцияның мекен-жайы: 100027, Қарағанды қаласы, Бейбітшілік бульвары, 56 ұй, 4 корпусының 305 кабинеті. Тел.: 56-75-94 (кос. - 1061).

Газеттің басылған орыны: 100027, Қарағанды қаласы, Бейбітшілік бульвары, 56 ұй, 4 корпус. ҚарМТУ баспасы.

Таралымы: 500 дана.

Читайте газету на сайте www.kstu.kz

Редакторы: Айымторы Абдина, Гулим Жакупканова.

Компьютерный дизайн и верстка: Ерболат Спанов.

Фотографии предоставлены инженерами НИИ ЭОТ КарГТУ, а также авторами публикаций.

Собственник: РГКП КарГТУ

Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации № 4253-Г от 08.10.2003 г. выдано Министерством информации Республики Казахстан.

Адрес редакции: 100027, г. Караганда, б. Мира, 56, 4 корпус, 305 кабинет. Тел.: 56-75-94 (доб. - 1061).

Газета отпечатана в ПММ КарГТУ по адресу: 100027, г. Караганда, б. Мира, 56, 4 корпус.

Тираж: 500 экземпляров.

Пишите нам на e-mail: [pressa@kstu.kz](mailto:pressa@kstu.kz)